ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ШАХТИНСК ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №4»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШАХТИНСКА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 18 тамыз

№ 88

Долинка кенті

поселок Долинка

Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.02.2016 жылғы № 26 «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ Жарғысына сәйкес **БҰЙРАЙМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушыларының бірыңғай мектеп формасының міндеттілігі және оған сәйкес мектеп формасының стилі бекітілсін.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп формасын енгізілсін.

Ер балаларға арналған мектеп формасы:

Мектеп формасының түсі: қою көк. Пиджак, жилет, шалбар, салтанатты жейде, күнделікті жейде немесе түймелері немесе құлпы бар трикотаж кофта/кардиган, поло немесе теннис жейдесі (қысқы кезең: трикотаж жилет, водолазка). Ер балаларға арналған шалбарлар еркін пішімді және ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жабады. Аяқ киім міндетті түрде классикалық үлгіде болуы керек.

Қыз балаларға арналған мектеп формасы:

Мектеп формасының түсі: қою көк. Пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық блузка немесе түймелері немесе құлпы бар трикотаж кофта/кардиган, поло немесе теннис жейдесі (қысқы кезең: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін пішімді және ұзындығы бойынша аяқтың тобығын жабады. Белдемшенің тізеге дейінгі ұзындығы (тізеден жоғары да, төмен де емес). Аяқ киім міндетті түрде классикалық үлгіде болуы керек. Аяқ киімде өкшенің биіктігі 2-3 см-ден аспауы керек.

Ұл балалар мен қыздардың спорттық формасы: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовка, кеды).

2.2. Мектеп формасына әртүрлі конфессиялардың киім элементтерін енгізуге болмайды.

001264

2.3. Мектеп формасында орта білім беру ұйымдарының айырым белгілерін (эмблема, нақыш, шеврон және басқалар) орналастыруға жол

беріледі. Мектеп формасына қойылған талаптарға сәйкес, жарақат салатын фурнитурасы бар киім мен аксессуарларды киюге тыйым салынады.

2.4. Балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдері білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын кигені үшін жауапты болады.

3. Ата-аналарды Жарғыға сәйкес мектеп формасының стилімен ақпараттық форматта және шарт бойынша таныстырылсын.

4. Оқушылар мен ата-аналарға мектеп формасын қалай кию керектігі, сондай-ақ оны киюдің талаптары мен стилі туралы үнемі хабарлансын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. А. Садуоваға жүктелсін.

Директор **Н. Жадько**

Таныстырылды:
Садуова С.А.